

Кәсіптік бағдар беру жұмысын талдау

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз — педагогтердің, психологтердің, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде мақсатты атқарылатын жұмыс .

Мақсаты

- Болашақ кәсіби қызмет саласындағы өзін-өзі анықтау және мамандық таңдау үрдісінде оқушыларға кәсіби бағдардағы демеушілік көрсету.

Міндеттер:

- Еңбекке деген қатынасты қалыптастыру;
- Кәсіби қызмет мазмұнын шешуге үйрету;
- Мамандық ұсынатын жеке сападағы талаптарды сәйкестендіруді үйрету;
- Өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін талдауды үйрету

Мектебімізде кәсіптік бағдар жұмысымен қамтылған оқушылар саны:

9 сынып – 105 оқушы

11 сынып – 88 оқушы.

Мектептің педагог-психологі Маймескулова О.А. мамандық таңдау мәселелері бойынша оқушыларға кеңес беріп, тренинг сабақтар өткізді. Сабақта сауалнама жүргізілді, сыныптарда мамандық ерекшелігі талқыланды, әр оқушының қызығушылығы мен кәсіби таңдауға көмек берілді. Мамандықтың психологиялық типтері бойынша диагностика жүргізілді.

9 және 11 сынып жетекшілері оқушылармен кәсіби таңдау бойынша жеке әңгімелесулер, әр түрлі мамандықтармен танысу бойынша сынып сағаттарын өткізді.

Кәсіптік бағдар беруде ата-аналар маңызды орын алады. Ата-аналар өз балаларының өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауға белсенді қатысады. 9 және 11 - сынып оқушыларының ата-аналары сынып жиналыстарында және сынып сағаттарында пікірлерімен бөлісті.

Жыл басынан бастап мектепке түрлі колледждер мен жоғары оқу орындарының өкілдері келді. КИЭМ, "Арна" колледжі, азаматтық қорғаныс колледжі, ҚМТК, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, UIВ Халықаралық бизнес университетінің, Uni School Чехия, Германия, Польшаның ЖОО түсу бағдарламасы бойынша және т.б. оқу орындарының өкілдері оқушылармен үгіттеу жұмыстарын жүргізді.

